

ФИЛОСОФИЯ

А.Т. Құлсариева, А.Д. Құрманалиева

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ ТАНЫМ САТЫЛАРЫ

Әл-Фарабидің таным процесстерін зерттеудегі ерекшелігі – ұстанатын жолы, оның жеке немесе нақтылық арақатынасын үйлестіруге талпынысы. Қоршаған ортаны тану нақты заттардан басталғанмен, таным жалпының араласуының мәнін жоғалтпайды. Әл-Фарабидің жалпы мен нақты бірлігіне құралған дүниетанымы форма мен материя іліктестігін құрайды. Материяға жанама орын беріп, форманың белсенділігін жақтаған Аристотельге қарағанда, әл-Фараби материяның формадан салмағының басым екенін тұжырымдайды. Материя («мәдда») – мәңгі, ол өзгермейді. Форма («сура») – өзгермелі. Ол өзіне субстратты – материяны қажет етеді. Материя мұндай қажеттікке ділгір емес.

Ақиқатқа жетудегі әдістердің ішінен әл-Фараби аподейктикалық әдісті басты орынға қояды. Егер софистикалық силлогизм ақиқатқа жақын жанама алғы шарттардан құралса, диалектикалық силлогизмнің негізі – нақты шынайы бастамалар.

Әл-Фараби силлогизмдері – адамның қоршаған ортаға пайымдау, түсініктер арқылы қатыстылығы. Әр түсінік белгілі бір заттың түсінігі болып табылады. Санадағы пайда болған түсінік - қоршаған ортаның белгілі бір затын меңзейтін түсінік. Ақылмен пайымдалатын зат объективті ақиқаттың заты туралы мәлімет бергенде, түсінік қалыптасады, яғни

оймен пайымдалушы сол заттың өзіне тікелей байланысты.

Әл-Фарабидің логикада қолданатын диалектикалық әдісі тек пікірталас, әңгімелесу құралы ғана емес. Диалектика – ғылыми таным құралы. Оның диалектикалық әдісінің қайнар көзі Аристотельдің «Логикасына», «Риторикасына» келіп тіреледі. Диалектикалық әдіс софистикалық пікірталасқа жат. Диалектиканың қолданылу аумағы шынайы білімдер сферасы.

Әл-Фарабидің дүниетанымдық көзқарасын зерттеу барысында неге ол логикаға, ақиқатқа жетуде логикалық әдістерге сондай ыждағаттылықпен ден қойған деген сұрақтар туындайды. Мұның себебі – ойшыл жалпы философиялық мәселелердің жемісті шешілуі ғылыми танымның құралдарының жетілуінде екенін дұрыс пайымдауында. Ақиқат ақиқатқа жету жолының төселуіне байланысты. Сондықтан да әл-Фараби іліміндегі ғылыми таным логикалық әдістер арқылы жинақталған біліммен үстемеленіп, қоры молая береді.

Адам – ақыл-парасатты хайуан болғандықтан, ол түйген-білгенін санасында саралап, есінде сақтайды. Бірақ адам оны қоғам дамуында қолданбаса, жинаған білімінің іске аспай, жарамсыз қалуы мүмкін. Адам тумыстан қауымдасып өмір сүруге бейім. Оның жеке жүріп, білім жинақтауға қауқары жоқ. Адам жинаған білімін дербес күйде іске асыра

алмайды. Өзі сияқты басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу үшін қатынас құралы – тілдің қажеттігі туады. Тіл адам ойының көрсеткіші ретінде адамның таным процесінде атқарар қызметі жағынан логикадан кем түспейді. Ойлау мен сөздің, логика мен тілдің бір-бірінен ажырамас байланысын аңғарған ғалым екі ғылымды бірдей деңгейде зерттеп, оларды бір заттың екі жағы ретінде қарастырады. Әл-Фараби бойынша, «бұл өнер грамматикалық өнерге ұқсас, өйткені логика [өнерінің] интеллектіге және интеллекцияның пайымдалғыш объектілеріне қатынасы грамматиканың тіл мен сөздерге қатынасы қандай болса, нақ сондай, грамматика [өзінің] сөздер туралы заңдарында интеллекцияның пайымдалғыш объектілері жөнінде логика үлгілері сияқты үлгілерді береді» [1, 128].

Тіл - ойлаудың «қабыршағы». Ол сонысымен де маңызды. Әл-Фарабидің ғылымдар жүйесінде тіл туралы ілім бірінші орында. Тілге қатысты мәселелер арнасында әл-Фарабиді ерекше қызықтыратыны – тілдің философиялық мәні. Ол тілдің пайда болуын «Китаб әл-Хуруф» трактатында төмендегідей сипаттады: «Адам өзінің миындағыны басқа біреуге түсіндіру үшін дауысты қолданады. Ең бірінші шығатыны – бұл қаратушы дыбыс [қаратпа сөз]. Содан кейін ол түрлі кез келген сезіммен танылатын заттарды көрсететін дауыстау дыбыстарын пайдаланады. Әр затқа белгілі бір дыбыс бекітіліп, келесіде ол зат бекітілген дыбыссыз қолданбайтын болады» [2, 16-36]. Бастапқыда қарапайым қаратпа сөзден басталып, бірте-бірте тілдің сөздік қоры молаяды. Тіл жетіле түседі. Тіл қоғамда қатынас құралы рөлін атқарады.

Тілдер қалыптасуы, дамуы, атқаратын қызметі жағынан ұқсас болғанмен, бір елде пайда болған сөздер, басқа елде түсініксіз. Тілдердің бір-бірінен айырмашылығы осы себептен. Әл-Фарабидің пайымдауынша, «тілдерінде және жазуларында дәстүр бойынша бекітілген ұғымдарды адамдар өздерінің алдындағы бірінші болып жасағандардан қабылдады. Шешендік олардың сөздерінен туындаса, сөздер осы халықтың тілі болып табылады, ал олардан бөлектер - арабтар емес, және олар (арабтардың) сөздерін түсінбейді» [2, 142].

Адам ойындағы нәрсені жеткізу үшін тілді кеңінен пайдаланады. Әл-Фараби тілдің екі басты функциясын дәл анықтай білді. Біріншіден, тіл – ойдың көрсеткіші. Екіншіден, тіл – таным құралы. Оның айтуынша, адам «өзінің ойында барды [тілмен] айтып жеткізеді және осы арқылы оның дүние тану құралы бар» [3, 39-40]. Ғалымның дүние тану құралы деп отырғаны – логика өнері. Логика – ғылымдарды дәлелдеу үшін қолданатын өнер. Тұжырымдама-

ларында Аристотельдің логикасына сүйенген әл-Фараби іліміне сәйкес, ұғым – заттардың санадағы бейнеленуі. Ал ұғымның сыртқы көрінісі сөз тіл арқылы жүзеге асады. Әл-Фараби Аристотельдің аподейктикасын толықтырып, стоиктер мен эпикурлықтардың логикалық пайымдамаларын өз еңбектеріне арқау етеді. Стоиктер дәйектеген логика мен тіл білімінің тығыз байланысын әл-Фараби ары қарай дамытады.

Логика өнерінің негізгі мәселелері мен логикалық әдістер ғалымның «Логикаға кіріспе», «Ғылымдар тізбесі», «Ғылымдардың шығуы туралы», «Эйсагоге» трактаттарында көп зерттелген.

«Логика өнеріне кіріспе» трактатында білімдердің дәлелдеусіз қабылданатын сезімдік және дәлелдеуді қажет ететін рационалдық түрлері сипатталады. Сезімдік білімдер көпшілік қабылдаған не бір дана адамның айтуымен бекітілген пікірге, жалпылай мәлім көзқарастарға, сезім мүшелерімен пайда болған білімдерге, сондай-ақ алғашқы пайымдалушы мәндерге сүйенеді. «Логикаға кіріспесінде» пайымдағандай, «философияның бөлімдерінде қолданатын логика өнері барлық теориялық және практикалық өнер туралы шынайы білімдер алатын құрал. Шынайы ғылымдарға жетудің біз үшін логикадан басқа жолы жоқ» [4].

Логика дұрыс ойлаудың жолдары мен заңдарын анықтайды. Силлогистикалық өнерлер - философия, диалектика, софистика, риторика және поэзияда заттарды дәлелдеу логикалық әдістермен жүреді.

Әл-Фараби «Ғылымдардың шығуы туралы» трактатында логика өнеріне төмендегідей анықтама береді: «Үшінші ғылым – логика. Ол әлі танылмаған нәрсені танитын және не ақиқат, не жалған екені туралы пікіріміз тиянақ табатын тұжырымдар жасау үшін хабарлы сөйлемдерді логикалық фигураларға сай сапқа тізуге үйретеді» [5, 58].

Логика логикалық заңдарға сәйкес сөйлем құрып, соның арқасында сыртқы орта туралы адамда дұрыс пікір қалыптастыруды үйретеді. Пайымдауда кеткен қателікті логика арқасында жоюға болады. Логика өнеріне машықтанумен бірге адамның кемелденуі артады.

Логика - ақиқатқа жетудегі бірден бір басты құрал. Ол – барлық білімдердің ғылыми әдісі. Әр ғылымның мақсаты – шындық. Ал сол мақсатқа жетуде ғылым логиканы құрал ретінде қолданса, ол дұрыс жолда болғаны. Әл-Фараби логикалық әдістің аподейктикалық, диалектикалық, софистикалық, риторикалық, поэтикалық әдістерін силлогистикалық өнердің түрлері дегенмен, ақиқатқа сүйенген логика өнерін негіздеуде аподейктикаға жүгінеді.

Ғалымның логикалық тұжырымдамасында аподейктикалық әдіс толық ақиқатқа жеткізеді. Диалектикалық өнердің басым бөлігі ақиқатқа сай. Софистикалық пайымдау жалған болып келеді. Риторикалық әдіспен жалған да, ақиқат та берілсе, поэзия адамның қиялына, елестету күшіне сәйкес. А.Х. Қасымжановтың айтуынша, «силлогистикалық өнердің түрлері тарихи қалыптасқан және олар танымның әдістері қызметін атқарады. Индивидтердің тарихы мен дамуында бірінші болып поэтикалық және риторикалық әдістер, содан соң диалектикалық әдістер пайда болған» [6, 74].

Аподейктика («бурхан») – теориялық ғылымдарды дәлелдеуде қолданатын әдіс. Диалектика пікірталас құралы ретінде софистикалық пайымдауларға қарсы тұра алады. Софистикалық өнер («софиста») – мүлдем шындыққа жанаспайтын, адасуға әкелетін өнер. Софистика өзін диалектикаға, философияға теңеуге дейін барады.

Диалектика («джәдәл») қарама-қарсы екі пікірді зерттеп, екеуін де негіздей алуы керек. Бұл софистикалық өнердің адам әуел бастан ойындағысын дәлелдегісі келген идеясынан бөлек. Қарама-қарсы көзқарастарды дәлелдеуге қабілетті болу, пікірталасқа түсушінің шеберлігін ұштау үшін қажет. Диалектикалық өнер анықталмаған бастамалар арқылы жүзеге асырылады. Ол сондай-ақ бір зат туралы қарама-қарсы силлогистикалық тұжырымдарды қарастырады. Диалектикаға күмәндану тән. Қоғам мен адам организмін салыстырғандай, әл-Фараби диалектика өнерін қолданушы адамды дәрігермен салыстырады. Дәрігер ауруды емдеу үшін қаншама күш салады, бірақ ол нәтиженің қандай болатынын білмейді. Диалектик те дауда жеңу үшін бар жан дәрменін салғанмен, өзі дйттеген ойды дәлелдей алатын қауқары бар ма жоқ па одан хабарсыз.

Риторика («хитаба») жалған әрі шын түсініктер береді. Ол шешендік өнерге жақынырақ. Риторика арқылы адам көпшілік қауымның жан күй-қуаттарына әсер етіп, бет алған бағыт-бағдарын санада бекітуді көздейді.

Диалектика бір мезетте теріске шығару мен дәлелдеуді қамти отырып, екі адамның пікірталасы арқылы қалыптасатын өнер. Бірі – сұрақ қоюшы, екіншісі – жауап қатушы. Олар пікірталас барысында өз кемшіліктерін, білмейтін тұстарын сезініп, білімдерін жетілдіруге күш салады. Диалектикалық айтыс уақыт кеңістігінде шексіз. Мұнда адамның интеллектуалды тәрбиелігіне көп нәрсе байланысты. Егер адам өз қателігін мойындамай, қайтсем де жеңемге салса, ондай іс-әрекетті ғалым қолдамайды, оны ақылдың төмен деңгейіне саяды. Соңғы қасиет софистикалық өнерді

қолданушыға тән. Софистің мақсаты мен көздейтін нәтижесі басынан-ақ мәлім. Ол нәтижеге кез келген әдіспен жетуді көздейді. Софист алдамшы даналықты иеленіп, адасқан мағынадағы бақытқа «кенеледі».

Риторика – сөзді шебер қолдану өнері. Оны адамдар қалың ел алдында бедел алу үшін пайдаланады. Сондай-ақ, риторика басым көпшілікке теориялық өнерлерді қарапайым тілмен жеткізуге көмектеседі.

Поэтика («ши(р)») – шындықты қиялға әсер етумен беретін әдіс. Ол ақиқат болуы мүмкін емес. Шынайы болмысты ақын көркемдеп, безендіріп, адамның қиялына әсер етумен суреттейді.

Әл-Фараби силлогистикалық өнерге жататын бес өнер түрінің ішінде софистиканы қалған төртеуіне қарсы қойып отырады. Аподейктика әу-бастан ғылыми танымның құралы болғандықтан софистикаға түгелімен қарама-қарсы. Диалектика бір заттың жалған да, ақиқат та тұстары жайында екі түрлі сауал туған кезде қалай жауап беру керектігі үшін қолданылады, ал софистика өзі жалған нәрсені шынайы етіп көрсеткісі келеді. Риторика ақиқат заттарға сүйене отырып, адамға сөз өнерімен әсер етеді. Поэтика жалған болып келсе де, ол өмірде бар шынайы нәрселерден бастама алады, объективті өмір заттарына еліктейді, ал софист тыңдаушыны ақиқатқа мүлдем кері көзқарасқа сендіруге «құмар».

Аталған өнерлердің кез келгені адамның ақыл-парасаттылығын, оның санасының жоғары деңгейлігін көрсетеді. Бұл – логикалық операциялардың адам ақылына сүйенетінінің тікелей дәлелі, себебі «жан субстанциясы қисынды ақыл арқылы кемелденіп, актуальды ақылды субстанцияға айналдырады. Бұл ақылдың бірнеше сатысы бар: бір жағдайда ол материалды ақыл түрінде көрінсе, екіншісінде – меңгеруші, үшіншісінде қабылданған ақыл ретінде көрінеді» [7, 58].

Әл-Фараби ұғымды заттың санадағы көшірмесі деп беруі, оның сыртқы көрінісінің бар болатынын меңзейді. Ұғымның сыртқы көрінісі - сөз. «Ішкі сөз» бен «сыртқы сөз» арақатынасынан сөз бен ойлаудың, логика мен тіл білімінің ажырамас байланысы туралы мәселе туындайды. Ғалымның тұжырымдауынша, «сөз дауыс арқылы сыртқа шығады, ал адамның пікірді өзі үшін растауы - ол көңілдегі речь, ал адам өзінің пікірін басқаларға жеткізсе, ол дауыс арқылы (сыртқа шығатын речь). Логика мен грамматиканың ортақ жайлары бар: грамматика сөздер үшін заңдар жасап береді» [1, 137-138].

Кез келген ұғым мен пайымдау жеке сөздер мен сөз тіркестерінен пайда болғанмен, әрбір

сөз бен сөз тіркесінің ұғымды анықтауы дәл емес. Сөзбен берілген ұғымның, сонымен қатар, ақиқат өмірдегі зат, нәрсе, құбылысқа сәйкестілігі ұйғарымда болуы тиіс. Логикалық категорияларды грамматикамен салыстыруда әл-Фараби араб тілін негізге алады. Араб тіліндегі сөз таптары - есімдер, етістіктер және шылаулар. Әл-Фараби осы үш сөз табын толық жіктейді. Араб тіліндегі сөздер мен сөз тіркестері ғалымның төмендегідей тұжырымдарымен көмкерілген: «Жеке сөздер - бұлар есім («исм»), етістік (фи'ль), демеулік («хуруф»); (сөз тіркестеріне жататындар) өлең болып құралған сөздер және еркін сөздер, тағы сондайлар» [1, 138].

Етістіктердің ырықсыз түрі өздігінен логикалық категория бола алмайды. Ол есімдермен қосылып, шақтық көрсеткіштермен үстемеленгенде ғана белгілі бір ұғымды береді. Грамматикадағы бастауыш логикада субъект, ал баяндауыш предикат деп аталады. «Бастауыш («мубтада») атау септікке («халә исмийа») қойылады; анықтауыш («сыфа») белгілі бір артикльді («харф эт-та'риф») қабылдамайды. Соңғы жай және басқа көптеген жайлар араб тіліне тән» [1, 138].

Логиканың ақылға қатыстылығын әл-Фараби синтаксистің тілге қатыстылығымен теңестіреді. Ойлау мен оның тілдік көрінісі логика мен грамматиканың мақсаттарынан да байқалады. Логика мен интеллект, грамматика мен тіл байланысы даусыз. Грамматика адамдардың сөйлемдерінің дұрыстығын түзесе, логика ойлау процесінің дұрыс ағыспен жүруін қадағалайды. Грамматика сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдерді зерттейді. Логика ұғым, пайымдау, тұжырымның дербестігін бақылайды. Екі ғылымның сәйкестілігімен қоса айырмашылықтар да бар. Грамматикаға жекелік, логикаға жалпылық тән.

Әл-Фараби еңбектерінде тұжырымдалған логикалық категорияларға грамматикалық сөз таптары сәйкес келеді. Мысалы, субстанция категориясына («джаухар») - зат есім («исм»), сапа категориясына («кәйфийа») - сын есім («исм ас-сыфа»), сан категориясына («кәмийа») - сан есім («исм әл-(а)ад»), қатыстылық категориясына («нәсәбә») - сын есімдердің салыстырмалы шырайы («дәрәджа эт-тафсыл ән-нәсәбий»), орын («әйна») және уақыт («мәта») категорияларына - үстеу («зарф») және т.с.с. Бұл Фараби іліміндегі грамматика мен логиканың тығыз байланысының куәсі.

Әл-Фарабидің ғылымдар жүйесіндегі тіл ғылымының философиялық сипаты мен оның логикамен байланысын М.М. Хайруллаев әділ бағалап өтеді. Оның ойынша, «әл-Фараби логика ғылымы мен грамматика және

логикалық ой мен сөз бірлігіне тоқталады. Бұл тұрғыдан алғанда, ол басқа логиктерге, әсіресе логик-идеалистерге қарағанда дұрыс бағытта, себебі олар ойды оның материалды қабыршағы - сөзге қатынасы жоқ деп тұжырымдайды» [8, 149]. Логика – дұрыс пайымдау заңдылықтарының жинағы. Логика ақиқатты тануда қате жібермеуге септігін тигізеді. Ол пайымдаудың дұрыстығын қадағалау мақсаттарын көздейді. Ортағасырлық философ-логиктердің пікірінше, танымның екі түрі бар: қажетті («дарури») және теориялық («назари»). Қажетті таным – ешқандай теориялық іс-әрекеттерсіз-ақ ақиқатты тікелей тану. Мысалы, адамның өз тіршілігін танығаны сияқты. Теориялық таным - кез келген өзгеріске ұшырайтын заттың бастама және соңы бар екенін тану. Қажетті таным саламатты ойдан басқа ешнәрсеге ділгір емес. Теориялық таным шынайылығын тексеру үшін дәлелдемелерді қажет етеді. Осыған байланысты логика пайымдау және тұжырымдауды ойлаудың таразысы ретінде қызмет атқарады. А.К.Закуев атап өткендей, «философтар адами танымның мақсаты - ақиқатқа жету екенін мойындайды, ақиқатқа жету дұрыс емес те жүруі мүмкін» [9]. Ақиқатты айғақтау үшін ойлау дұрыс болу керек, ал оның дұрыстығы, Ибн Сина пікірінше, бірқатар заңдар мен шарттарды талап етеді. Логика - сол заңдар мен шарттарды зерттейтін ғылым.

Логика араб тілінде «мантик» терминіне сәйкес. «Мантик»-«сөз» сөзінен құралған. Араб философиясында бұл термин екі мағынада қолданады: ішкі (пайымдаушы) және сыртқы «сөз». Сыртқы - материалды қабыршақпен оралған, дыбыстармен берілетін сөз. Ішкі сөз - ақылмен пайымдалатын әмбебап сөз. Ортағасырлық араб философиясында ойлау мен ойлаудың сыртқы порымы болып келетін «сөз» арасында айтарлықтай өзгешеліктер келтірілмейді. Сондықтан сөзге байланысты мәселелер арабтілдес логикада басым орын алады. Бұдан келіп шығатын түйін: философияда «нутк» («сөз») термині кең мағынада қолданылып, ойды дыбыстық мәнде қамтиды. Араб тіліндегі «мантик» - гректің «логика» сөзінің тікелей аудармасы. Логика грек тілінде «логос» туралы ілім дегенді білдіреді, ал «логос» - ақыл, сондай-ақ сөз деген мағыналарды білдіреді.

Ортағасырлық логиктердің басым көпшілігі логиканың екі мағынасына тоқталса, әл-Фараби бұл жүйелеуді толықтырып, «мантик» сөзін үш жағдайда қолданады, яғни «біріншісі - дауыс арқылы сыртқа шығарылған речь мағынасында, яғни бұл - жасырын ойдың тілмен айтылуы; екіншісі - көңілдегі речь, яғни сөздер көрсетіп отырған интеллекцияның пайымдалғыш объектілері; үшінші - адамға жаратылысынан

біткен рухани күш, ол осының арқасында басқа тірі (жәндіктерден) өзгеше тұрады; осының арқасында адам интеллекцияның, ғылымның және өнердің пайымдалғыш объектілерін таниды» [1, 140]. Біздің ғұлама ойшылымыздың логикаға бір табан жақын тұруы оның ақылға сүйенген танымына етене жақын. Логика Фараби үшін ғылыми танымның басты әдісі болды. Сабих Садиқтың дұрыс дәйектегеніндей, «логика ойлау процесінің тура не тура еместігін анықтау үшін қызмет етеді, таным нысанды тануға бағыттталып, категориялармен, пайымдалушы мәндермен байланысты болғанда қолданылады» [10, 109].

«Логикаға кіріспе» трактатында логикалық пайымдау мен грамматикалық сөйлемнің өзара байланысы көрсетілді. Логикалық заңдылықтардың практикада қолданылуы тіл арқылы жүрді. Бірақ логика маңыздылығы жағынан тілден басым, себебі логика барлық халықтарға тән. Ол - әмбебап ғылым, тіл ғылымы тек бір ғана халыққа тиесілі. Тіл мен логиканың даралық және универсалдық қызметіне әл-Фарабидің төмендегідей сөздері дәлел: «Грамматика белгілі бір халықтың сөздеріне тән қағидаларды жасайды және осы халық пен басқа халықтың тілдеріне ортақ нышандарды алады. Ал логика сөздердің қағидаларын жасағанда барлық халықтардың сөздері үшін ортақ қағидаларды ғана береді. Логика бұларды ортақ болғандықтан алады және тек бір халыққа тән нышандардың ешқайсысын қарастырмайды» [1, 140]. Әл-Фараби мақсаты бойынша бір-біріне жақын екі ғылымды зерттей отырып, логикалық және тілдік категорияларға салыстырмалы сараптама жасады. Ибрахим Самраи Екінші ұстаздың логикалық еңбектерін оқу филолог-грамматиктер мен философ-логиктердің айналымында қолданатын терминдердің мәнін ашуға көмектесетінін басып айтты [11, 28].

Әйгілі араб тілшілері логикадан силлогизм («қийәс») мен дәлелдеу («бурхан») әдістерін қабылдағанмен, грамматиктер мен логиктер арасындағы талас ортағасырдан бері жалғасып келеді. Грамматиктер логиктердің басымдықтарын мойындағысы келмейді. Атақты ортағасырлық грамматик әз-Зәджәджи бұл мұрагерлікті теріске шығарып отырады. Ибн Аби Усейбия, әл-Кифти, Ибн Халликан тарихи деректемелері бойынша, әл-Фарабиге логика өнерінен дәріс берген Әбу Бишр бен Юнус та логиканың тілден жоғарылығын жақтап, сол кездегі әйгілі грамматик Са(ид әс-Сирафимен пікірталасқа түседі. Са(ид әс-Сирафи Әбу Бишр бен Юнусқа тіл білімінен мәліметі жеткіліксіз деп кінә таққанмен, бұл пікірталаста Әбу Бишр жеңіп шығады. Халиф әл-Муктадирдің уәзірі әл-Фадал бну Джа(фар сарайында болған айтыс

Са(ид әс-Сирафидің грамматиканың логикаға мұқтаждығын мойындауымен аяқталады. Әл-Фараби де ұстазы Әбу Бишр бен Юнустың жолымен жүріп, логиканың басымдылығын жақтады.

Әл-Фарабидің логика мен тіл байланысы анық көрсетілген еңбегі –«Китаб әл-Хуруф». Ол үш тараудан тұрады. Әр тараудың өзіндік зерттеу бағдары бар дегенмен, трактат бір арнада - тілдің философиялық аспектілерін зерттеу бағытында дамиды. Философ әл-Фараби кітапта араб тіліндегі және басқа да тілдердегі ғылыми философиялық терминдерді қарастырып, олардың грек мұрасына қатыстылығын анықтайды. М.Махди атап көрсеткендей, «кітаптан зерттеуші философиялық терминдердің маңызын тиянақты түсіндіру сияқты ең маңызды мәселелермен жүздеседі» [12, 27].

Трактатта философия мен діннің, сонымен бірге силлогистикалық өнердің құрылу ерекшеліктері кеңінен зерттелінеді. М.Махдидің айтуынша, «Әріптер тізбесінде» онтология мен логика, грамматика мен логика, логика мен гносеология ілімдері арасындағы байланыстар ғылыми дерегін тапты. Бұған қоса, философия мен дін пайда болуының арақатынасы және оның өмірдегі қолданыс табуы мәселесі бірінші рет ойшыл философиясында дәйектелді [12, 27].

Әл-Фараби бұл трактатында тілдердегі терминдердің араб тілімен, араб грамматикалық терминдерімен байланысын сипаттайды. Тілдегі жалпы түсініктермен танысқан соң, философиялық болмыс қалай тәмамдалады деген мәселе өз шешімін табады. «Китаб әл-Хуруф», шындығына сайғанда, тіл туралы кітап емес, бұл Аристотельдің «Метафизикасының» түсіндірмесі екені даусыз. Әріптер - бұлар логиктер қолданысындағы демеуліктер, бірақ олар арабтардың тілдік терминологиясындағы «мағыналық демеуліктерден» басым тұрады. Осы лингвистикалық-логикалық материалға сүйене отырып, әл-Фараби философиялық мағыналарды тілдік дегеніне қарағанда тіл негіздерін жалпы ұстаныммен дамытады.

Әл-Қифти атап көрсеткендей, әл-Фараби логиканы Әбу Бишр бен Юнустен үйренсе, грамматикада логика мен тілді байланыстырып жазған, «Негіздерімен» әйгілі болған ортағасырлық грамматик Ибн әс-Саррадждың әсерін көргені анық. Қазіргі заман араб философы Мухсин Махдидің айтуынша, «Ибн әс-Саррадждың грамматикасының әл-Фарабиге әсері оның еңбектеріндегі логика мен грамматика арасындағы байланыс арқылы көрініс тапты. Әл-Фарабиге дейін, не онан кейін де логика мен грамматиканың байланысы туралы мәселе қарастырылмаған. Тек әл-Фараби ғана өзінің бірқатар шығармаларында, әсіресе

«Китаб әл-Хуруф» трактатында мұндай зерттеуге қолы жеткен» [12, 46-47]. Осы тілдік материалды, яғни “Әріптер тізбесін” лингвист-грамматиктер мен философтар, әсіресе логиктер қолдана бастаса, “ана не мына терминдерді логиктердің әлде, грамматиктердің бірінші енгізгені белгісіз, талас тудыруарлық болғанмен, бір нәрсе анық - ол грамматиктердің Аристотель логикасына сүйенгендігі» [11, 29].

Араб грамматигі Ибн әс-Саррадж да «Негіздерінде» осы әдісті ұстанып, грамматикалық категорияларды логикалық түсіндірмемен үстемелейді. Ибн әс-Саррадж өз кітабын жазуда араб тіл білімі негізін қалаған ортағасырлық грамматик Сибәуейхидің кітабынан үлгі алған. Ибн әс-Саррадж грамматикалық категорияларды логиктердің пайымдауына айналдырып отырған. Грамматикалық категориялар логикалықпен толықтырылғанда, философтардың айқышталған шешендік сөздеріне айналып отырды. Доктор И. Самраи сондай-ақ әл-Фарабиге Сибәуейхидің де әсері болғанын айтады [11, 30]. Әл-Фараби логика мен тіл байланысын толық қарастырған алғашқы философ болды. Дәл осындай ғылыми жаңалық енгізгендігінен шығар, ол өзінің грамматикалық зерттеулерінде көп уақытқа дейін дара болып қала берді.

Логика өнерін тіл ғылымы мен грамматика байланысына сәйкес талдау арқылы әл-Фараби философия мен тілді қатар ұстап, екеуіне де тамаша өрнек берді. Бұл жөнінде оның аса зор көңіл аударатыны дәлелдеу – «бурхан» әдісі. Дәлелі жоқ нәрсені Фараби толық ғылым мағынасына қоя қоймайды» [13].

Тіл мен логика ғылымдары таным құралдары ретінде ажырамас байланыста дамиды. Ойлау - адамның ең басты қабілеттерінің бірі.

Адам ойлау процесі арқылы заттар парқын меңгереді. Ойда пайымдалғанды басқа біреуге хабарлау процесінде қолданатын адамның басты тәсілі - тіл, сөз. Сөз - ойдың қабыршағы. Әл-Фараби қазіргі күні қалыптасқан логико-лингвистикалық тұжырымдардың төл бастамасын ортағасырда бірінші болып дәйектеді. Ойшылдың грамматика мен логика, сөз бен ойлау дәнекерлігіне негізделген пайымдамалары бай араб тілі қағидалары арқылы беріледі.

1. Гафуров Б.Г., Касымжанов А.Х. *Ал-Фараби в истории мировой культуры*. - М: Наука, 1975. - 181 с.
2. *Әл-Фараби. Китаб әл-Хуруф*. - Бейрут, 1969. - 253 б.
3. *Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар*. - Алматы: Ғылым, 1975. - 419 б.
4. *Аль-Фараби. Вводный трактат в логику // Казибердов А.Л., Муталибов С.А. Абу Наср аль-Фараби. Исследования и переводы*. - Ташкент: Фан, 1986. - С. 150.
5. *Әл-Фараби. Ғылымдардың шығуы туралы // Есім Ғ. Фалсафа тарихы*. - Алматы: РБК, 2000. - 278 б.
6. *Касымжанов А.Х. Аль-Фараби*. - Алматы, 1997. - 128 с.
7. *Әл-Фараби. Мәселелер мәні // Есім Ғ. Фалсафа тарихы*. - 58-б.
8. *Хайруллаев М.М. Абу Наср аль-Фараби*. - М.: Наука, 1982. - 303 с.
9. *Закуев А.К. Из истории арабоязычной логики средних веков*. - Баку: Элм, 1971. С. 42.
10. *Сабих Садиқ. Әл-Фараби уа асруху фи әл-фалсафа әл-уруби // Маурид*. - 1975. - Т. 3. - С. 109-138.
11. *Самраи Ибрахим. Мин қираа фи әл-кутуб әл-Фараби ли әл-мантиқ // Маурид*. - 1975. - Т. 3. - С. 28-34.
12. *Мухсин Махди. Муқаддима // Әл-Фараби. Китаб әл-Хуруф*. - Бейрут, 1969. - 253 с.
13. *Машанов А. Әл-Фараби*. - Алматы: Жазушы, 1970. - 245 б.

Ж.А. Алтаев

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

Әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан, табиғат ыңғайынан туындайтын өмір сүру тәсілі болады. Соған сай салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, дүниені тану жолдары (дүниетанымы) қалыптасады. Бұл марксизмді қайталау емес, адамзат болмысының шындығы. Әрине, мұны білу үшін пәлендей философ болудың қажеті шамалы. Азды-көпті өмір тәжірибесі бар адам мұндай ойды өз бетінше қорыта алады. Бірақ, философия өте күрделі ғылымға айналған қазіргі кезеңде, осылай ой қорытқан

адамдардың бәрін де философтар деп айта аламыз ба? Иә, кез-келген адамда белгілі бір дәрежеде философиялық рефлексия болуы табиғи нәрсе. Осы тұрғыдан қарастырсақ - бір халық философияға бейім, бір халық одан мақрұм деуге еш болмайды. Онда Құдай бір халықты ерекше жаратып, екіншісін басқаша жаратқан деген қорытындыға келу ғажап емес. XX-ғасырда мұндай “философия” адамзат тарихындағы аса жойқын апатқа алып келгені белгілі. Осындай, түп мағынасы реакциялық